

Тақырыбы: «Бақытты отбасы – бақытты бала»

Мақсаты: Ата – ана баланың балабақшадағы бір күнімен таныса отырып, бақытты, қауіпсіз және үйлесімді дамуы ең алдымен отбасындағы сүйіспеншілікке, өзара түсіністікке, қолдау мен жауапкершілікке тығыз байланысты екенін бірлесіп түсіну.

Іс - шараға «Қамқор» отбасын қолдау орталығы» КММ-ның басшысы С.С. Султанова, «Күншуақ» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Аханова және кеңес мүшелері, сондай-ақ Құзыреттілік орталығына қарасты магнитті мекемелерінің педагогтері шақырылды.

Шара барысында:

- топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді;
- ата-аналар балаларының күнделікті оқу-тәрбие үдерісімен танысты;
- отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіндегі ата-ананың ықпалы туралы көрініс тамашаланды;
- ата-аналарға арналған тренинг өткізіліп, кофе-брейк ұйымдастырылды.

Бұл кездесу — тәжірибе алмасуға, пікір бөлісуге, ата-ана мен ұжым арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға арналған тиімді алаң болды. Ең бастысы, әр баланың бақытты болашағы үшін бірлесе әрекет етудің маңызы тағы бір мәрте айқындалды.

Өйткені бақытты отбасыда ғана бақытты бала өседі. Ал бақытты бала – елдің ертеңі, ұлттың болашағын жарқын ететін басты кепіл.



